ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ ЖҮРГІЗГЕН МАКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ САУАЛНАМАНЫҢ НӘТИЖЕСІ

Сауалнама жүргізілген күндер: 2026 жылғы 12-18 қараша
Респонденттер саны: 15
(*AERC, Alatau City Bank, Alatau City Invest, BCC Invest, Halyk Finance, ING, NAC, Азия даму банкі, АКРА, Еуразиялық даму банкі, Еуразиялық экономикалық комиссия, Ренессанс Капитал, Фридом Финанс, Экономикалық зерттеулер институты, Эксперт РА)*

Сауалнама нәтижесі (респонденттер болжамының медианалық мәні, жақша ішінде алдыңғы болжамдардың медианалық мәні көрсетілген):

Көрсеткіш	2025 (факт)	2026	2027	2028
Brent маркалы мұнай бағасы 1 баррель үшін АҚШ долл., жылына орта есеппен	69,1	**93,3** (88,4)	**80,0** (80,0)	**75,0** (75,0)
ЖІӨ өсімі %, ж/ж	6,5	**4,6** (4,8)	**4,7** (4,7)	**4,5** (4,4)
Инфляция %, желт. өткен жылғы желт.	12,3	**9,1** (9,5)	**8,0** (8,3)	**7,0** (6,9)
Базалық мөлшерлеме жылдық %, жыл соңына	18,0	**15,8** (15,9)	**13,4** (13,3)	**10,8** (11,5)
Тауарлар мен қызметтер экспорты жылына млрд АҚШ долл.	90,1	**101,0** (96,0)	**100,0** (93,9)	**97,3** (98,2)
Тауарлар мен қызметтер импорты жылына млрд АҚШ долл.	80,3	**83,8** (84,5)	**88,2** (87,5)	**91,7** (92,0)
USD/KZT бағамы жылына орта есеппен	521,6	**472,0** (479,0)	**489,8** (499,6)	**510,4** (527,1)

Бейтарап базалық мөлшерлеме* Жылдық %	**9,8** (9,5)
ЖІӨ-нің ұзақ мерзімде өсуі** %, ж/ж	**4,5** (4,5)
5 жылдан кейінгі инфляция %, ж/ж	**5,1** (5,1)

МҰНАЙ БАҒАСЫ. Респонденттердің 2026 жылға Brent маркалы мұнай бағасы бойынша күтулері жоғары қарай қайта қаралды: медианалық бағалау жылдық орташа есеппен бір баррель үшін 88,4 АҚШ долларынан **93,3** АҚШ долларына дейін көтерілді. 2027 және 2028 жылдарға болжамдар тиісінше бір баррель үшін **80,0** және **75,0** АҚШ доллары деңгейінде сақталды.

ЖІӨ ӨСІМІ. Экономиканың өсуі бойынша бағалаулар әртүрлі бағытта түзетілді. 2026 жылға болжам 4,8%-дан **4,6%**-ға дейін біршама төмендеді, 2027 жылға – **4,7%** деңгейінде сақталды, 2028 жылға – 4,4%-дан **4,5%**-ға дейін өсті.

* Базалық мөлшерлеме деңгейі – бұл ақша-кредит саясаты ұзақмерзімді кезеңде инфляцияны, инфляциялық күтулерді мақсатты деңгейде және ЖІӨ-ні әлеуетті деңгейде ұстап тұратын мөлшерлеме

** Алдағы 5 жылдағы әлеуетті ЖІӨ-нің күтілетін орташа өсу қарқыны

ИНФЛЯЦИЯ. Респонденттердің 2026 және 2027 жылдарға инфляция бойынша болжамдары жақсарды. 2026 жылға болжам 9,5%-дан **9,1%**-ға дейін, 2027 жылға – 8,3%-дан **8,0%**-ға дейін төмендеді. 2028 жылға бағалау 6,9%-дан **7,0%**-ға дейін шамалы өсті.

БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Респонденттердің 2026 және 2027 жылдардың соңына базалық мөлшерлеме бойынша бағалаулары тиісінше 15,9%-дан **15,8%**-ға дейін және 13,3%-дан **13,4%**-ға дейін шамалы түзетілді. 2028 жылдың соңына медианалық бағалау 11,5%-дан **10,8%**-ға дейін төмендеді.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ЭКСПОРТЫ. Респонденттердің 2026 және 2027 жылдарға тауарлар мен қызметтер экспортының көлемі бойынша болжамдары жоғары қарай қайта қаралды. 2026 жылға бағалау **101,0** млрд АҚШ долларын (бұрын – 96,0 млрд АҚШ доллары), 2027 жылға – **100,0** млрд АҚШ долларын (бұрын – 93,9 млрд АҚШ доллары) құрады. 2028 жылға болжам **97,3** млрд АҚШ долларына дейін (бұрын – 98,2 млрд АҚШ доллары) біршама төмендеді.

ТАУАРЛАР МЕН ҚЫЗМЕТТЕР ИМПОРТЫ. Сарапшылардың тауарлар мен қызметтер импортының көлемі бойынша болжамдары айтарлықтай өзгерген жоқ. 2026 жылға бағалау 84,5 млрд АҚШ долларынан **83,8** млрд АҚШ долларына дейін төмендеді, 2027 жылға – 87,5 млрд АҚШ долларынан **88,2** млрд АҚШ долларына дейін өсті, 2028 жылға – 92,0 млрд АҚШ долларынан **91,7** млрд АҚШ долларына дейін төмендеді.

USD/KZT БАҒАМЫ. Сарапшылардың USD/KZT бағамы бойынша күтулері бүкіл болжамды кезеңде теңгенің нығаюы жағына қарай түзетілді. 2026 жылы респонденттер USD/KZT бағамы жылдық орташа мәнде бір АҚШ доллары үшін **472,0** теңге (бұрын – 479,0 теңге), 2027 жылы – **489,8** теңге (бұрын – 499,6 теңге), 2028 жылы – **510,4** теңге (бұрын – 527,1 теңге) деңгейінде болады деп күтеді.

БЕЙТАРАП БАЗАЛЫҚ МӨЛШЕРЛЕМЕ. Ақша-кредит саясаты ұзақмерзімді кезеңде инфляция мен инфляциялық күтулерді мақсатты деңгейде, сондай-ақ ЖІӨ-нің әлеуетті деңгейде болуын қолдайтын базалық мөлшерлеменің мәнін сарапшылар **9,8%** деңгейінде бағалайды (бұрын – 9,5%).

ЖІӨ-нің ҰЗАҚМЕРЗІМДІ ӨСУІ. Алдағы 5 жылға арналған әлеуетті ЖІӨ-нің орташа өсу қарқынын бағалау көрсеткіші **4,5%** деңгейінде сақталды.

5 ЖЫЛДАН КЕЙІНГІ ИНФЛЯЦИЯ. Респонденттердің бағалауынша, 5 жылдық кезеңде инфляция мақсатты деңгейге жақын қалыптасып, **5,1%** деңгейінде болады.

Көптеген макроэкономикалық көрсеткіштердің **болжам диапазондары** біршама тарылды, алайда болжамдық көкжиектің соңына қарай әлі де айтарлықтай кең күйінде қалып отыр. Бұл сарапшылардың ортамерзімді бағалауларында жоғары белгісіздіктің сақталуын көрсетеді.